



XҒТАР 19.51.09
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2025-153-4-189-205>

XX ғасыр басында қазақ кітаптарын шығарудағы Қазан баспахана-ларының рөлі

Н. Қуантаев¹, А.С. Хибадуллина^{*2}, Ж.Қ. Қайратов³

^{1,2,3}Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: kuantaiuly@mail.ru, aibin_2011@mail.ru*, jantas.qairatov@gmail.com)

Аңдатпа. Мақалада XX ғасыр басындағы Қазан қаласындағы баспахана-ларда шығып тұрған қазақ баспа кітаптарының шығуы мен оларды қол-данудың мүмкіндіктері, мәселелері қарастырылады. Мақаланың негізгі мақсаты – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы Қазан қаласының қазақ руханияты мен баспа ісінің дамуына қосқан үлесі, қазақ тіліндегі алғашқы кітаптардың жарық көруі, сондай-ақ сол кезеңдегі баспахана-лардың ағартушылық бағыттағы рөлін талдау, баспа ісінің даму жолда-рын анықтау, баспа өнімдерінің мазмұны, тақырыптық ерекшеліктері мен тарихи маңызы көрсетіліп, қазақ ұлттық мәдениеті мен білім беру ісінде-гі орнын айқындау. Зерттеу әдістемесі ретінде талдау, деректерді өңдеу және сараптамалық бағалау әдістері басшылыққа алынды. Зерттеудің маңыздылығы XX ғасыр басындағы Қазан қаласында жарық көрген қазақ тіліндегі баспа кітаптары мен баспаханаларға қатысты архивтік құжаттар, мерзімді басылымдар және ғылыми еңбектерді саралауға бағытталған. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, дереккөздерді жүйелеу және салы-стырмалы талдау әдісі арқылы әртүрлі баспаханалардың қызметі, баспа өнімдерінің мазмұны мен таралу ауқымы анықталды. Қазан қаласындағы баспа ісінің қазақ руханиятының қалыптасуына ықпалы баса айтылады.

Түйін сөздер: баспахана, баспа кітаптары, кітап шығару ісі, таралым, тираж, кітап саудасы, кітап өндірісі.

Кіріспе

Ресей патшалығында XX ғасыр басында Қазан қаласында шығатын баспа кітаптарының ішіндегі мол өнім, әрине, түркі-мұсылман кітабы еді. Басылым саны мен тиражы бойынша орыс кітаптарынан кейін екінші орынды түркі тіліндегі кітаптар алды. Ал түркі тіліндегі әдебиеттердің басым бөлігі татар кітаптары болатын. Қазан баспа кітаптарының үштен бірі, кейбір жылдары тең жарымы түркі тіліндегі әдебиеттер болды. Е.И.Рубинштейннің есептеуінше, мысалы, 1914 жылы Қазан баспаларынан шыққан орыс кітаптарының орташа тиражы 1600 дана болса, түркі кітаптарының орташа данасы 6200 дана болған.

Түсті: 27.11.2025; Мақұлданды: 20.12.2025; онлайн қолжетімді: 31.12.2025

XX ғасырдың басындағы Қазан қаласының баспа кітабының дамуы туралы мына мәліметтер біршама түсінік береді: 1900 жылы Қазанда 15 баспахана болса, 1905 жылы 21, ал 1916 жылдың басында 24 баспахана болған /1/. Баспаханадар санының көбеюі негізінен татар баспа орындарының ашылуымен байланысты еді.

1905 жылғы революцияның нәтижесінде Ресей патшалығындағы Петербург, Астрахан, Уфа, Орынбор, Ташкент, Троицкі қалаларында, басқа да шаһарларда түркі жұртының баспаханалары ашыла бастады. Әйткенмен татар (сонымен бірге түркі) тіліндегі кітап шығарудың басты ордасы Қазан қаласы болып қала бергенін атап айтқан жөн, өйткені түркі тіліндегі баспа кітабының 75-80%-ы осы шаһардың баспаханаларында басылатын.

Ол заманда татар баспаханасының көпшілігі пай (үлес) жүйесіне құрылған еді: мысалы, «Миллят», «Мағариф», «Үміт», «Каримов, Хусаинов и К», «И.Бораганский и К», «Г.Гумеров и К» және серіктестіктің атын алған басқалары да бар, сонымен бірге әйгілі ағайынды Каримовтардың, ағайынды Шарафтардың және басқалардың баспаханасы болды.

Ол заманда, Ресей патшалығындағы татар баспа ісінің өндірісі кеңге құлаш жая алмады, себебі, баспагерлердің капиталының аздығы және орыс баспа ісімен салыстырғанда, өкіметтің оларды шөміштен қысып ұстағанын жоққа шығаруға болмайды. Мәселен, ағайынды Каримовтердің пайға құралған (үлестік) серіктестігінің негізгі капиталы бар-жоғы 20 мың рубль болған, ал басқа серіктестіктердің ондай капиталы бұдан да төмен, шамамен 3 – 6 мың рубль аралығында болса, әйгілі «Сытин и К» кітап серіктестігінің негізгі капиталы 1914 жылы 3,5 миллион рубль болған.

Өндіріс жаппай дамып жатқан империяда енді ғана пайда болған кітап басып шығару мекемелері заман талабына икемделуге мәжбүр болды, онсыз бұлардың жұмысы өнбейтін еді. Бұл – өндіріс, кітап жасау мен баспа ісінен бастап кітап саудасын ұйымдастыруға дейінгі кітап ісінің барлық саласын қамтыған пайға (үлеске) негізделген серіктестіктер құрудан да байқалады. Сондықтан XX ғасырдың басында тек баспаханаға немесе баспа ісіне немесе тек кітап саудасы ісіне маманданған серіктестік болмаған.

Татар кітап шығару ісінде орыс баспа ісі білмейтін қиындықтар бар еді. Патша өкіметі орыс кітап өндірісшілерінің ғана мүддесін көздеп, XIX ғасыр бойы татар кәсіпкерлеріне баспахана ашуға рұқсат бермеген еді. Баспахана пайда болғанның өзінде орыс баспагерлеріне жол ашу үшін татар капиталын ығыстыру татар кітап ісінің дауымен тежеп отырды. Мәселен, 1892 жылы жер-жердегі 1418 баспаханың тек 720-сы ғана таза кітап басу ісімен айналысқан, қалғаны өзге де өндіріс пен сауданың саласын бірге алып жүрген. Ол заманда бланк, этикет, формуляр басып шығару секілді өкімет тапсырыстарын ала алған баспаханалар мол табысқа жеткен, мұндай тапсырыстар түркі-мұсылман баспаханасына бұйырмапты.

Түркі тіліндегі кітаптар орыс тіліндегі кітаптарға қарағанда тауарды өткізу нарығы аз болған, сол себепті түркі-мұсылман кітап ісінің кірісі де айтарлықтай болмаған. Оы себепті кітаптың өзіндік құнын азайту үшін татар баспагерлері түрлі жолдар іздеген, ал ол баспа өнімінің көркем безендіруіне де, басылым репертуарының мазмұнына да әсер еткен. Кітаптың нарығын кеңейту үшін олар түркі-мұсылманның қадым жазба тілінде де (шағатай тілі), қадым ғылымы мен дінінің тілінде де (араб тілі) кітаптар шығарып отыратын. Көне түркі тіліндегі ежелгі, ортағасырлық шығармаларды XX ғасыр басындағы кейбір татар баспагерінің тасқа бастырғанының астарында осы мақсат жатқаны да рас.

XX ғасыр басындағы түркі-мұсылман кітаптарының тарихы (оның ішінде қазақ кітабының тарихы) татар кітап ісінің пайда болуы мен дамуына тікелей байланысты болды. Татар көпестерінің баспаханалары, міне, осылайша Ресей империясындағы татар, қазақ, ноғай, башқұрт ұлттарының алғашқы баспа кітаптарын шығара бастады.

Әдіснама

Зерттеу мәселесі бойынша талдау, жалпылау, аналогия әдістері қолданылды. Қазақ баспа ісін XX ғасыр басындағы қоғамдық-саяси және мәдени үдерістермен өзара байланыста қарастыруға мүмкіндік беретін өркениеттік және мәдени-тарихи тәсілдер туралы зерттеу жасалды. Мақсатымыз – баспа ісі тарихы, ұлттық ағартушылық қозғалыс және кітап мәдениеті жөніндегі деректанулық әдіснамаға сүйене отырып, баспа өнімдерінің тарихи дерек көзі ретіндегі жолдарын зерттеу.

Нәтиже мен талқылау

Ағайынды Каримовтардың баспаханасы. XX ғасыр басындағы түркі-мұсылман басылымдарын ең көп шығарған баспахана әйгілі ағайынды Каримовтарға тиесілі болды, олардың баспаханасы бұл тарапта бірінші орынды жеке-дара иеленді.

Қазан қаласының Сенная алаңындағы Усманов корпусында кітап дүкенін ұстаған ағайынды Мұхаметзян мен Шарифзян Каримовтар Ресей патшалығының Орал тауы, Еділдің орта ағысы, Батыс Сібір өңіріндегі жәрмеңкелерінде түркі-мұсылман басылымдарын сатудан бастаған. Бұл – XIX ғасырдың 90-жылдарының басы. Каримовтар өмірінің соңына дейін Осман патшалығынан, Үндістан мен араб елдерінен әкелген мұсылман кітаптарын таратумен де жүйелі айналысқан.

1890 жылғы жарық көрген алғашқы кітап саудасының каталогында білім саласының түрлі саласында кітап шыққанын көруге болады. Ал 1897 жылғы каталогта басылымдар тақырыптар бойынша топталған, онда діни, ағарту сипатындағы әдебиеттерден басқа «Тарих», «Медицина», «Сөздіктер», «Заң саласы», «Танымдық кітаптар» және т.б. болып бөлінген. Бұлардың ішінде «Физули диуаны» кітабы, Осман жазушысы әрі тарихшысы Жәудеттің, сонымен бірге Ибн Әл-Асирдің, Табаридің, Челебидің, Ибн Зайдунның, Шаһабуддин Маржанидың, ибн Халдунның тарихи, діни-ағартушылық кітаптары, Үндістан мен Аравия елдерінің тарихы туралы әдебиеттер бар.

Көп жыл кітап саудасымен, кітап шығарумен айналысқан ағайынды Каримовтар өздерінің баспаханасы болуын аңсайды, өйткені қазына баспаханасынан кітап шығару көп пайда бере қоймайтын. XIX ғасыр бойы мұсылман кәсіпкерлері мен ағартушыларына жеке меншік баспахана ашуға үзілді-кесілді көнбеген Ресей патшалығының өкіметі ғасыр соңында ағайынды Каримовтардың жеке меншік баспахана ашуына рұқсат береді.

Каримовтар ұзақ жыл кітап сатумен айналысып, көп пайда таба қоймаса да, белгілі бір дәрежеде капитал жинағаны анық. 1898 жылдың 16-мартында, жеке меншік баспахана ашпастан бір жыл бұрын олар сауда үйін ашуға рұқсат алады. Оның басқарушысы болып Каримовтардың үлкені, Қазан қаласының 2-гильдиялы көпесі Мұхаметзян Каримов сайланады. Сауда үйінің серіктестігі үшін пайға деп әрқайсысы 7 мың рубль салып Мұхаметзян мен інісі Хасан Каримов кіреді. Серіктестік «әуелі түрлі кітап, сосын түрлі тауар сату» үшін ұйымдастырылған.

Бұл Серіктестік, татар кітабының тарихын зерттеуші Абрар Каримуллиннің жазуынша, татар қоғамындағы ең алғашқы кітап сататын фирма болған. Осындай ресми фирманың иесі болғандықтан олар жеке баспахана ашуға рұқсат сұрап өкімет орындарына 1899 жылдың 8-январында арыз жазады, он тоғыз күн өткен соң 27-январьда бұларға баспахана ашуға рұқсат ететін куәлік беріледі /2/.

Баспахана мен қаріп құю станогын алған соң ғана Каримовтар жұмысқа 1900 жылдың 1-мартында кіріседі. Бірінші жылы, нақтырақ айтсақ, 1900 жылдың 10 айы ішінде бұлардың баспаханасынан түркі тілінде жалпы тиражы 433 100 дана болатын 36 кітап жарық көреді, оның ішінде басым көпшілігі, әрине, татар кітаптары еді.

Бұл 1900 жылы Каримовтар баспаханасынан бір қазақ кітабы шыққан. Ол – Қажы Орынтай бин Құрымбай Қыпшақидың «Насихат ұл-Қазақия» атты кітабы /3/. Діни мазмұндағы бұл шығармада қазақ даласына ислам дінінің келіп, таралуы жайында, қазақ руларының шыққан тегі жайында мағлұматтар бар. Кітапта 1723 жылы Жоңғар қонтайшысы Суан Рабданның қазақ еліне жасаған жойқын шапқыны, алаш баласының әйгілі «Ақтабан шұбырынды, Алақакөл сұлама» болып тоз-тозы шығып, босқынға ұшырауы туралы айтылады.

Каримовтар баспаханасы шығарған басылымы санынан, әсіресе тиражы жағынан Қазан университетінің баспаханасын қуып жетіп, осы қаланың басқа баспаханаларын шаң қаптырып кетеді. Келесі жылы Қазан университетінің де баспаханасын басып озады. Мәселен, 1901 жылы университет баспаханасынан жалпы тиражы 1 001 600 дана болатын 95 кітап шықса, Каримовтар баспаханасы жалпы тиражы 1 195 510 дана болатын 97 кітап басып шығарады. Сөйтіп, бұл кәсіпорын ашыла салысымен Қазан қаласындағы мықты өндіріс ошағына айналады.

Баспахананың иесі Мұхаметзян Каримов болды, баспахана да, кітап саудасы да осы Мұхаметзянның атынан жүргізілетін. Фирма құрылған кезде оның екінші иесі – Хасан Каримовтың да есімі аталып қалады, ол алғашында баспахана ісіне араласпаған сияқты, әйткенмен Уфада Каримовтыр баспаханасының филиалы болып «Шарық мәтбұғасы» ашылғанда Хасан сол бөлімнің басшысы болған.

Баспахана жұмысын Каримовтар жалға алған мамандар жүргізді. Өндіріс ошағының алғашқы басқарушысы Дмитрий Уханов болып (екі жылдан кейін оның орнын Әбдіманап Рахманқұлов басады), 1900 жылдың 7-мартында 11 адам жұмыс істеген. Қазан қаласында баспахана ісінің шеберлері көп болғаны Каримовтарға өте пайдалы болды. Материалдық базасы үлкейіп 1900 жылдың қыркүйек айында баспахана штатында 20 адам жұмыс істеген. 1902 жылы баспахана қызметшілері 32 адам (3 шебер, 17 жұмысшы, 12 оқушы) болады.

Баспахана жұмысымен көбінесе Шарифзян Каримов айналысқан, ал ағасы, өндіріс ошағының ресми иесі Мұхаметзян болса, өкіметтің тілін табу, тауарды өткізу сияқты ірі жұмыстар кезінде ғана араласқан сияқты.

Каримовтардың баспахана мен баспа ісінің дарынды ұйымдастырушылары болғанын осы баспахананың кітап өнімінің саны туралы мына мәлімет (1-Кесте) айтып бере алады:

1-Кесте. Каримовтар баспаханасында жарық көрген баспа өнімдерінің саны

Жылы	Басылым саны	Жалпы тиражы	Жылы	Басылым саны	Жалпы тиражы
1901	97	96/ 1 195 510*	1911	137	1 717 076

1902	94	91/ 1 152 300	1912	114	1 249 670
1903	103	1 551 580	1913	128	1 336 620
1904	112	1 538 670	1914	117	1 275 900
1905	72	1 161 310	1915	109	1 004 200
1906	83	1 067 750	1916	45	515 360
1907	63	62/ 738 060	1917	50	48/ 370 790
1908	132	1 192 330		1 700	1693/ 19 647 076
1909	129	1 400 960			
1910	115	1 180 900			

**Жалпы тираждың алдындағы цифр тиражсы анықталған атау санын көрсетіп тұр.*

Міне, осылай Каримовтар баспаханасы ашылғаннан кейін бір жыл өтер-өтпестен түркі-мұсылман жұртының кітабын басу барысында жоғары көрсеткішке жетті. 1905-1907 жылдары біз басылған кітап санының күрт түсіп кеткенін көреміз, бірақшын мәнінде бұл жылдары баспахана одан әлдеқайда көп кітап басып шыққан. Ол жылдар цензура алынып тасталған жылдар болатын, сондықтан ол жылдардағы баспаханалардың көп басылымы цензура ісіне тіркелмеген болатын. 1915-1917 жылдардағы көрсеткіш те осы себепті ала-құла болып шыққан.

Сонымен, 1901 және 1917 жылдар арасында Каримовтар баспаханасынан түркі тілінде 1700 атау кітап басылып шыққан, оның жалпы тиражы, 7 атаудың тиражын есепке алмағанда, 19 647 076 дана болған. Бұл көп пе, аз ба? Бұл сұраққа жауап іздеу үшін, ішінде Каримовтар баспаханасы бар, XX ғасырдың басында түркі тіліндегі әдебиеттерді басқан Қазан қаласындағы 20 баспаханадан жалпы тиражы 38 714 032 дана болатын 5 154 атау (мұның 5 106 атауының тиражы анықталған) кітап шыққанын атап өткен жөн. Осы тиражды Каримовтар баспаханасы басқан тиражбен салыстырсақ, Қазанан шыққан түркі тіліндегі кітаптың жартысын, ал атауының саны бойынша үштен бірін Каримовтардың өндіріс орны өндіргенін көреміз.

Каримовтар баспаханасының бұл зор табысын немен түсіндіруге болады? Әуелі айтатын нәрсе: әрине, кітапты бастыру мен оны елге сату тарабында Каримовтар мол тәжірибесі бар, кәсіпкер кісілер болған. Баспаханасын құрардың алдында олар кітап сататын өз агенттерін Ресейдің көп қаласында, тіпті ауыл-ауылда ұстаған екен. Қазақ елінің ішінде де кітап сататын агенттері болғаны анық. Кітап сату мен таратудың жолдарын жақсы білген. Кітап бастырудың шығынын кейбір кезде галантерея саудасы жауып отырған.

Каримовтар кітапқа әуелі тауар ретінде қарағаны белгілі, дегенмен ағарту жолын ұстанудан да қашпағаны анық. Бұлардың кітап шығару ісі басқа да тауарлармен сауда жасау саласымен бірігіп әжептәуір пайда әкелгені рас. Мәселен, 1907 жылы олар кітап саудасын қыздыру үшін Қазандағы Сенная алаңы Усманов корпусындағы екі нөмірін көбейтіп, енді бес нөмір алатын болды, соның арқасында сатылатын кітабының саны шамамен 1500 атауға жетті. 1910 жылы Сенная алаңында өздерінің меншік үйі болады, оның ішінде конторы мен сауда жайы болған. Сонымен бірге әлгі бес нөмірді де жалға алып отырған. Бұл кезде Каримовтардың Уфада, Ниженовгород жәрмеңкесінде өз үйлері болады, кітаптары мен басқа да тауарларын сату үшін Ірбіт, Симбирск, Ақтаныш, Бақалы, Чакан, Буздяк секілді Еділдің орта ағысы мен Орал бөктеріндегі жәрмеңкелерге тұрақты келіп тұрады.

XIX ғасырдағы сияқты XX ғасырдың басында да, 1905 -1907 жылдарды есепке алмағанда, татар баспагерлері мен кітап саудашыларының алдында қолдан жасалған бөгеуіл аз емес еді. Түрлі қысым мен қудалаудың кесірінен татар бапагерлері мен кітап саудашылары кәсібін өзгертуге мәжбүр болған, ал мұның XX ғасыр басында түркі-мұсылман кітаптарының шығуына кері әсерін тигізгені анық.

Жоғарыда XX ғасыр басында Қазанда басылған түркі тіліндегі кітаптардың тиражының жартысы Каримовтар баспаханасынан шыққанын айттық. Бұл – мәселенің бір жағы. Екінші жағы, кітаптар қандай тақырыпта шыққан, мазмұны не болған? Осы жағынан үңілсек, түркі тіліндегі кітаптарды шығарудағы Каримовтар баспасының алар орнын пайымдай аламыз.

Каримовтар тек баспахана иесі ғана емес, әрі баспагер, әрі кітап саудашысы болғанын айттық. Сондықтан олардың басты мақсаты кітап сатудан пайда табу болған. Мәселен, Каримовтар шығарған кітаптардың ішінде түркі тіліндегі жұрттың (Ресей империясында тұрып жатқан қазақ, ноғай, татар, башқұрт, өзбек, қырғыз, қарақалпақ, сарт) сұранысына ие, дәстүрлі шығармалар көп болған. Олар – Жошы ұлысы (Алтын Орда) заманынан келе жатқан «Ақырзаман», «Бақырған», «Бадауам», «Кесікбас» секілді көркем шығармалар мен «Насихат ұл-салихин», «Хадистер», «Мұхтасар», «Әліпби иманшарт» секілді ағарту саласындағы оқулықтар мен хрестоматиялар. Әсіресе түркі тілдес елдің бәрі оқитын дастандарды («Қиссаларды») көп басқан, мысалы, «Қисса Жүсіп», «Қисса Сейфүлмәлік», «Қисса Сүлеймен», «Қисса Баттал», «Қисса Бозжігіт», «Қисса Зұлқарнай», «Қисса Фаттахетдин», «Қисса Рабғұзи».

Каримовтар пайда табу үшін түркі тіліндегі елдердің сұранысына ие осындай дүниелерді шығаруға ықылыс танытып, татардың өзге баспагеріне қарағанда жаңа авторлардың шығармаларын басуға аса құлықты бола қоймаған секілді. Әйткенмен жәдит бағытындағы татар мектептеріне керек оқулықтар мен оқу құралдары, «Орыс-татар сөздігін» көптеп шығарған, өйткені бұлардың сұранысы мен тиражы жақсы болған. Орыс жазушыларының шығармаларын татар тіліне аудартып, бастырып отырғанын да айтқан жөн.

Кітап саудасының библиографиясына қарасақ, 1914 жылы Каримовтар бастырып шығарған кітаптың ішінде 20 жыр жинағы, балаларға арналған 20 кітапша, ауыл шаруашылығына арналған 11 кітап, медицина мен басқа да ғылымға арналған 20 кітап, 48 әңгімелер жинағы, 20 роман, шығыс тілдерінен аударылған 27 тәржіма кітап бар (376). Осы жылы бұлардың баспаханасынан қазақ тілінде 71 кітап шығыпты, оның көбі - қазақтың аңыз әңгімелері.

Жыл сайын баспахана қабырға мен үстел күнтізбесін мол қылып бастырып отырған. Ислам дініне қатысты дәстүрлі шығармалар мен дұға кітапшаларын да мол тиражбен бастырған. 1901 бен 1917 жылдар арасында Каримовтар баспаханасынан Құран Кәрім 17 рет шыққан (оның кейбіреуі толық нұсқа емес көрінеді), жалпы тиражы 261 800 дана болған. Ал жалпы Қазан қаласының баспаханаларынан Құранның жетіден бір бөлігі - жеке алынған қысқа сүрелер мен аяттардың жинағы «Әптиек» атауымен осы кезеңде жалпы тиражы 1 046 100 данамен 25 рет басылған, осының 1 016 100 данасы Каримовтарға тиесілі. Оған қоса Құранның жекелеген сүресі жалпы тиражы 668 195 дана болып брошюра түрінде шыққан. Бұлардың саны көп емес, бар-жоғы 78 ғана басылым болғанымен жалпы тиражы 2 382 106 дана болған. Әсіресе түрлі дұғалық парақтар мол данамен жиі басылып тұрған, бұлардың басылымы – 139, ал жалпы тиражы 4 358 200

дана. Басқа баспаханамен бәсекедегі Каримовтардың табысы діни-ағартушы кітаптарды мол данамен жаппай шығарып, сатуы жақсы табыс әкелген сияқты.

Ол заманда орыстың немесе қазынаның баспаханасы түркі тіліндегі әдебиеттерді бастыруға әдепкіден үш есе артық құн сұрайды екен, бұл тарапта өздері түркі-мұсылман Каримовтардың баспаханасының ашылуы түркі тілдес кітаптардың бағын ашты десек, артық айтқандық болмас. Өндіріс ошағы өз қолында болған соң Каримовтар өзіндік құны төмен болған соң басқа татар баспагерлеріне қарағанда кітаптарды әлдеқайда арзан бағаға сата алатын. 1905 жылғы революциядан кейін басқа да татар баспаханалары ашыла бастағанынша түркі тілді кітап шығаруда бұларға бәсеке баспа табыла қойған жоқ.

1905 жылдан кейін де Каримовтар баспасынан мол кітап шығауының басқа да себебі бар. Әлем әдебиетінің үздік үлгілерін татар тіліне тәржімалап бастыратын, заманауи түркі қаламгерлерінің шығармаларын шығаратын «А.-Г.Хасани и К», «Магариф» секілді заманауи баспалар ашылған кезеңде де бұл баспахана көштен қала қойған жоқ. «Қисса» сияқты дәстүрлі дастандарды көптеп шығарып, тираж жағынан ұтыла қоймады, себебі, фольклор шығармаларына қаламақы төленбейді, оларға цензура тиіспейді, бастыру шығыны көп болмайды. Сонымен бірге Каримовтар кітап бастырудың өзіндік құнын азайтатын басқа да жолдар іздейді, мысалы, ұсақ қаріптер қолданған, қағаз ауданын толық қамтып, қағаздан үнемдеуге тырысқан, сапасыз қағазды да пайдаланған, кітаптың көркем безендіруі сияқты артық шығыннан қашқан, т.с.с. сондықтан болса керек, Каримовтар кітабының көпшілігі титул беттерінің өзінде мәтіндер бар, ал көркем суретті кітаптар жоқтың қасы.

«Архивтік материалдар Каримовтардың өте сақ кәсіпкер болғанын, өкімет пен цензураға қарсы келмей, олармен тіл табысуға тырысқанын көрсетеді. Бірақ бұл оларды сақтап қала алмады, кітап сату саласында түрлі бөгеуіл көбеймесе, азаймағаны байқалады. Цензура өкілдерімен бірігіп полицей мен жандармерия баспаханаға, кітап қоймасына баса-көктеп кіріп келген оқиғалары жиі болған» деп жазады А.Каримуллин.

Каримовтарға кітап ісімен айналысу қаншалықты қиын болғаны кітап саудасы каталогтарының бірінде жазылған алғысөзіндегі мынандай ишара мәтін де айғақтап тұр: «Басқа салада жоқ ауыр жағдай мен нәзік дүние кітап шығарушылардың алдынан күнде шығады. Біз мойнымызға осы бір ауыр жүкті артып алдық, артып алып ұзақ, қаһарлы заманадан қайыспай көтеріп өттік» /2/.

Каримовтар баспаханасының Ресей патшалығындағы түркі-мұсылман кітап баспасы ісінде алғашқы болып жаңа суреттер мен араб қарпінің жаңа кегльдерін кіргізгенін атап айтқан жөн. Ашыла салып, бұл баспахана жүз жылдан астам Ресейде қолданылып келген бар-жоғы екі кеглі ғана бар, ескі қаріптерді пайдаланбай, мұсылманша жаңа қаріптер құйдырып алып келеді. Қаріп құю шеберханасын ашып, Каримовтар түрлі өлшемдегі мұсылман қаріптерін құйып, басқа да баспаханаларға тарата бастайды, ең алғаш рет 8-кегльді қаріпті қолдануды қолға алады. Кейін бұл қаріптерді Орынбор, Уфа, Астрахандағы баспаханалар қолдана бастайды. Мәселен, Орынборда басылған, әйгілі «Шура» журналы осы, кітап басу үшін Каримовтар құйған 8-кегльді қаріппен шығып тұрған. Каримовтар баспаханасы тіпті орыс қарпін де, латын қарпін де дайындаумен айналысқан.

Бұл баспахана мұнымен бірге түркі-мұсылман кітаптарының көркем безендірілуіне де үлес қосты. Кітап басып шығару өнеріндегі көркем заставкалар, инициалдар жасаған гравюрашылар мен суретшілер жұмыс істегенін де еске алған ләзім. Қажетіне орай баспахана барынша иллюстрацияларды қолдануға да тырысқан.

Каримовтар баспаханасы Ресей патшалығындағы мұсылман елдерінен шыққан тұңғыш жеке меншік баспахана болды және 1906 жылға дейін солай болды. Осы баспаханың арқасында Қазандағы кітап өндірісі ошақтарының арасында өткір бәсеке пайда болып, нәтижесінде түркі-мұсылман кітаптарын бастыру бірте-бірте арзанға түсе бастады. Ал бұл кітап санының көбеюіне, баспагерлер білімі мен өнерінің артуына жеткізді, оның соңы, әрине, түркі тілдес халықтардың оқу-ағарту жолына жаппай түсуіне жол ашты.

Бәсекенің артуы түркі-мұсылман кітаптарын көркем безендіру саласына, жалпы, полиграфияға оң әсер етті. Каримовтар баспаханасының пайда болуы түркі тілдес жұрттың, оның ішінде қазақ халқының кітап басып шығару өнеріне сан жағынан да, көркемдік жағынан да прогресс болғанын жоққа шығаруға болмайды. 1917 жылға дейін Қазан қаласында басылған, қазақ тілінде шығып, қазақ әдебиеті мен қазақ әдеби тілінің дамуына зор үлес қосқан шығармалардың барлығы дерлік осы баспаханадан жарық көрген. Татар халқының көп газеті мен журналы жарық дүниеге жолдаманы осы баспаханадан алған.

Қазан университетінің баспаханасы

Қазан университетінің сонау 1809 жылы ашылған баспаханасы түркі-мұсылман кітаптарына тапсырыс қабылдауда XIX ғасыр бойына монополист болғанын және татар ұлтының XIX ғасырдағы кітап шығару ісінде өзінің үлкен ізін қалдырғанын атап айту керек.

Түркі-мұсылман баспагерлерінің тапсырысымен кітап бастырудан мол кіріс түсіріп, соның арқасында баспаханың өзі де іріленеді, жаңа машина мен құрылғылар алған. Кейін тапсырыс көбейіп, бұл өндіріс ошағы күндіз-түні жұмыс істей бастайды. Сондықтан 1897 жылы қыркүйектің 25-інде баспахана басшысы университет кеңесіне кіріп, баспаханың екі қабатты ғимаратына жаңа флигель салуға рұқсат сұрап, осыған баспаханың арнаулы қаражатынан 16 000 рубль пайдалануды өтінеді. XX ғасырдың басында Қазан университетінің баспаханасы қуаты жағынан Ресейдің барлық университетінің алдында тұрды. Мұның негізінде, әрине, түркі-мұсылман кітаптарын бастырудағы монополия болып тұрғаны анық. Ал оның табысы мол болатын, бұл бірде-бір қазына баспаханасының түсіне де кірмейтін.

XX ғасырда да университет баспаханасы осылай мол табыс өз аяғымен келе беретін секілді көрінді. Алғашқы жылдары солай болғаны да рас. 1901 жылы баспагерлердің тапсырысымен баспахана 1 миллионнан астам тиражбен 95 түркі-мұсылман кітабы басылған (университет баспаханасының ең рекорд жылы болған). Бірақ арада жыл өтпей жеке меншік баспаханалар ашылып, бәсеке басталады. Осы кезеңнен бастап түркі тілді кітапты шығаруда монополист болып отырған университет баспаханасының басынан дәурен өтеді. 1903 жылдан бастап татар кәсіпкерлерінің жеке меншік баспаханалары ашылып, түркі тіліндегі басылымдар 500 атаудан асқанда университет баспаханасына да тапсырыс күрт түсіп кетеді.

Қазан университетінің баспаханасында әу бастан түрлі кеглдегі орыс қаріптері болды, заманауи гравюралар мен суреттері болды. Осында басылған орыс кітаптары XIX ғасырда да, XX ғасыр басында да бүкіл ресейлік және бүкіл дүние жүзілік кітап көрмелеріне қатысып, алтын, күміс медаль алып жүрген. Яғни, Қазан университетінің баспаханасы кітап басып шығару ісінде әлемдік деңгейде тұрды деген сөз. Бірақ түркі-мұсылман әдебиеттерін бастыру барасында сонау XVIII ғасырдан келе жатқан, ескі нұсқадағы, екі кегльдегі қаріпті ғана қолданған, ол екі қаріпті тіпті жетілдірмей, сол қалпында 1906

жылға дейін ұстаған. Бір ғасырдан астам қолданылған қаріп пен гравюра оқушысын мезі қылатыны анық, сөйте тұра ол қаріптер мен гравюралар әбден тозығы жеткенінше пайдаланылып, бұл тарапта мүлдем ілгерілеу болмаған.

«Қазандағы баспаханалар жаңа кегльдегі түркі-мұсылман қаріптерін енгізіп жатса да, университет баспаханасы бұл тарапта ескі қаріппен ғана қалып, түркі-мұсылман кітаптарының көркем безендірілуіне көз қиығын да салмаған, сөйте тұра, кітапты бастыру үшін татар баспагерлерінен жоғары баға талап еткен» деп жазады А.Каримуллин.

Бұл пікірді университет комиссиясы баяндамасының 3-тармағы да дәлелдейді: «3. Өйткені соңғы кезде түркі-мұсылман кітабын басу күрт азайып кетті, сондықтан тым құрыса оларды тасқа бастыру құнын түсіріп, тапсырысты көбейтуге жұмыс істеу барысына назар салуымыз керек»/2/. Университет баспаханасы өзінің ең пайдалы тапсырыс берушісін – жүз жыл бойы мол кіріс кіргізіп тұрған түркі-мұсылман баспагерін жоғалтып алды, деп атап өтеді комиссия. Баспахананың жағдайын түзетуге арналған іс-шараның бәрі, дүние күйіп кетсе де, түркі-мұсылман баспагерлерінің тапсырысынан айырылмау керек, комиссия баяндамасының түпкі ойы осыған келіп тіреледі. Осы мұратқа жету үшін университет басшылығы татар баспагерлерінен тапсырыс алу үшін бағаны түсіруге де мәжбүр болған. Жүйелі іс-шара текке кетпейді: бірер жылдан кейін түркі-мұсылман кітабы көбейіп, 1908-1910 жылдары баспахана ірі шығынға ұшырамай, материалдық жағдайын әжептәуір түзеп алады.

Ұзақ жыл түркі-мұсылман кітап шығарушыларын монополиямен қанап келген соң бұл баспаханадан кейінірек көзі ашық, көкірегі ояу баспагерлер мен авторлар қаша бастайды. Ал 1905 жылдан кейін басты тапсырыс берушілер қадым мұсылман медресесінің молдалары, мектептерде ескі әдістемені қолданатын мұғалімдер болды. XIX ғасыр соңында да, XX ғасыр басында да университет баспаханасының негізгі тапсырыс берушісі діни мектептерге дәріс берген Шамсутдин Хұсайынов, кейін оның шәкірттері болған. Шамсутдин Хұсайынов XIX ғасыр соңында осы Қазақ университетінің баспаханасынан түркі тіліндегі (шағатай, қазақ, ноғай, татар, өзбек, башқұрт және т.б.) фольклор шығармаларын, өзге де шығыс халықтарының әдеби ескерткіштерінің түркі тіліне тәржімасын көптеп бастырған, XX ғасырда да негізінен сол әдеби жәдігерлерді қайта бастырумен айналысқан.

XX ғасыр басында Қазан университетінің баспаханасында басылған түркі-мұсылман кітаптары репертуарының мазмұны әсіресе 1906 жылдан бастап кеңейе түскен. Баспахананың, мысалы, 1906-1917 жылдардағы басылымдарының көрсеткіші мынандай (2-Кесте):

2-Кесте. Қазан университеті баспаханасында басылып шыққан кітаптар саны.

Басылым мазмұны	Басылым саны	Жалпы тиражы
1. Фольклор		
а) жыр, аңыз, ертегілер жинағы	10	33 250
ә) қисса, дастандар	59	296 200
2. Әдебиет	18	60 400
а) заманауи авторлардың шығармалары	19	66 400

ә) орта ғасырдағы түркі, араб, парсы әдебиеті		
3. Тарих:	7	73 100
а) азаматтық тарих	16	111 700
б) мұсылман елдерінің тарихы, «Қисса-үл-Әнбия» сияқты мұсылман шығармалары		
4. Татар, орыс, қазақ, араб тілдерінің оқулықтары мен сөздіктері	30	111 700
5. Физика, география, арифметика, анатомия оқулықтары	8	35 400
6. Гигиена, санитария, ветеринария	11	41 600
7. Агротехника	7	9 000
8. Педагогика, саяси әдебиет	11	53 800
9. Қабырға мен үстел күнтізбесі	5	78 000
	202	879 850
10. Құран Кәрім, Құран сүрелері	5	250 000
11. Дұғалықтар, түс жорамалдар	17	126 000
12. Дін оқулықтары	31	162 200
13. Діни-ғұрып әдебиеттері	17	103 715
14. Діни-ахлақ әдебиеттері	12	54 400
15. Мұсылман заңы, фикх әдебиеттері	6	18 000
16. Діни аңыз-әңгімелер	4	18 200
	92	732 515

Сонымен, тиражы бойынша баспахана өнімінің тең жартысы – діни әдебиет, ал басылым атауының саны бойынша үштен бірі – діни әдебиет.

Көркем әдебиет саласында әсіресе қисса-дастандар көзге түседі, діни әсері де бар бұл шығармалардың өзегі тарихи аңыз-әңгімелер (жалпы тиражы 296 200 данамен шыққан 59 атау). Көне әдеби шығармалар (жалпы тиражы 66 400 данамен 19 атау), ислам елдері мен олардың кейбір қайраткерлері туралы шығармалар (жалпы тиражы 73 100 данамен 16 атау) бар. Мұндай қадым шығармалар көбінесе XIX ғасырда басылатын.

Қазан қаласындағы Бронислав Домбровскийдің баспаханасы

Қазандағы өзге орыс баспаханаларынан Бронислав Домбровскийке тиесілі өндіріс ошағының бір айырмасы, ол – түркі-мұсылман кітаптарын молынан басып шығарып отырды.

1894 жылы тіс дәрігері Бронислав Людвигович Домбровский, бұрын мүлдем баспа ісімен айналыспаған адам, Г.М.Вячеслав деген кәсіпкердің баспаханасын барлық жабдықтармен сатып алады. Г.М.Вячеслав болса, өзінің полиграфиялық басылымдарды сапалы жасайтын, білікті жұмысшыларын да қалдырады.

Ашылған жылынан бастап XIX ғасырдың аяғына дейін, яғни жеті жылдың ішінде бұл баспаханада жалпы тиражы 1,5 миллион дана болатын 171 атау түркі-мұсылман кітабы басылып шыққан. Былайша айтқанда, өз дәуірінде түркі тіліндегі басылымдарды шығарған жетекші өндіріс орны болған.

Бірақ XX ғасырдың басынан бастап бұл баспаханадан шығатын түркі-мұсылман кітаптары күрт азайып кетеді. 1901-1907 жылдары бұл орында орта есеппен жылына 10-15 түркі-мұсылман кітаптары басылған, бұл XIX ғасырмен салыстырғанда, 2-3 есе аз. Ал бұл кезде түркі-мұсылман кітап өндірісі шұғыл өсіп келе жатқан.

Мұның себебі неде деп үңілсек, Ресей патшалығындағы алғашқы түркі-мұсылман баспаханасының (ағайынды Каримовтарға тиесілі) ашылуында жатқанын көреміз. Ол ғана емес. Түркі-мұсылман әдебиеттерін басу тарабында 1901 -1905 жылдары Қазан университетінің баспаханасы, Чирков баспаханасы да күшті бәсекелес болатын.

Домбровскийдің баспаханасының кітап басуы күрт азайып кетуінің басты себебі әуелі олардың заман талабымен санаспағаны, Қазандағы кітп өндірісі саласында жағдайдың өзгеріп жатқанын елемей, тасқа бастыруға тым жоғары баға сұрауын қоймауында жатыр. Баспахана сапасы төмен қағаз, ескі қаріптерді қолдануды қоймады, ал басқа баспаханаларды түркі-мұсылман кітабын бастыру құны мен сапасы әжептәуір өзгерген еді. Тек пайда табуды көксеріп, кітап құнын аспандатып жіберген Домбровский баспаханасының күн санап абыройы-беделі түсе бастайды.

Тіс дәрігері болып қызмет ететін Бронислав Домбровский баспахананың қожайыны ғана болатын, кітап бастырудың қыр-сырын, кітап нарығын біле бермейтін, баспахана жұмысын жалға алған жұмыскерлер атқаратын. Басты тапсырыс берушілерінен айырыла бастағанына көзі жеткен соң ол баспаханадан сатып құтылмақ болады. 1904-1906 жылдары баспа машинасын «Идрисов, Галиев и К» серіктестігіне сатуға барын салады, бірақ дегеніне жете алмайды. Чирков баспаханасы сияқты жабылып қалатындай көрінеді. Бірақ олай бола қоймайды. Осы бір ауыр дағдарыстан қалай өткеніне тоқталмас бұрын Домбровский баспаханасында басылған түркі-мұсылман кітаптарының цифр көрсеткіші (3-Кесте) қалай болғанына үңілейік:

3-Кесте. Қазан қаласындағы Бронислав Домбровскийдің баспаханасында басылған кітаптар саны

Жылы	Басылым саны	Жалпы тиражы	Жылы	Басылым саны	Жалпы тиражы
1901	18	62 600	1911	27	195 600
1902	19	152 100	1912	41	277 900
1903	17	174 200	1913	38	226 500
1904	10	121 500	1914	19	124 000
1905	8	69 250	1915	36	110 500
1906	11	173 500	1916	35	204 600
1907	12	11/82 000*	1917	13	12/59 100
1908	43	336 100			
1909	56	444 700		451	449/3 116 050
1910	48	301 900			

*Жалпы тираждың алдындағы цифр тиражы анықталған атау санын көрсетіп тұр.

Кестеден көрініп тұрғандай, тасқа басылған түркі-мұсылман кітабы 1908 жылдан бастап күрт көбейеді. Мұның сыры неде?

1904-1907 жылдары орта есеппен 10 кітаптан шығып тұрса, 1908 жылдан бастап орта есеппен бірден 43 кітаптан шыға бастайды. 1909 жылы тіпті 56, 1910 жылы 48 болады. Одан әрі, бірінші дүниежүзілік соғыс жылдары тасқа басылған түркі-мұсылман кітабы, 1904-1907 жылдармен салыстырғанда, әлдеқайда көп болғанын аңғаруға болады.

Домбровскийдің баспаханасында түркі-мұсылман кітабының санының өсуі бірінші орыс революциясынан кейінгі басталған реакция жылдары, яғни 1905-1907 жылдардан кейінгі түркі тілді кітаптарды бастыруға қарсы науқан басталған уақытта күрт өседі. Бұл жылдары татар кәсіпкерлерінен гөрі орыс баспаханаларына кітап бастырған әлдеқайда оңайырақ, әлдеқайда қауіпсіздеу еді. Сондықтан бұл уақытта татар баспагерлері тапсырысты Домбровскийдің баспаханасына бере бастайды. Бұл ғана емес, 1907-1908 жылдары түркі-мұсылман кітаптарын бастыру Қазан университетінің баспаханасында да көбейеді, енді ашылған Семенов, Антонов, Еремеев, Перов, Шашабарин сияқты орыс баспаханалары да тапсырыс қабылдайды.

Петербордағы Баспасөз жөніндегі бас басқарма цензураны жыл сайын күшейтіп, бұл процесс 1905 жылға дейін жалғасады. 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы кезеңінде дүрбелең оқиғаларға байланысты цензура қуаты бәсеңдейді. Император 1905 жылы 17-қазанда манифест шығарады, ол құжатта кейбір цензуралық жеңілдіктер қарастырылады, атап айтқанда, алдын-ала цензура жойылды. Дегенмен революциядан кейін патша цензурасы одан да қатал формаларға ие болғаны белгілі.

Қазандағы «Орталық баспахана»

1898 жылы баспаханада 38 қызметкер, 1915 жылы 45 қызметкер болды. 1894-1900 жылдары Қазан губерниясында 1,5 миллион адам тұрды. 173 тиражбен кітаптар, негізінен алфавиттер, оқулықтар, татар ауызша халық шығармашылығының туындылары, Хамди, Максуди, Фахретдин, Ф.Каримидің еңбектері, геометрия және тарих оқулықтары, Құранның 10 басылымы, 6 дұға және басқа да діни-адамгершілік мазмұндағы кітаптар жарық көрді. Орыс тіліндегі кітаптардың ең көп саны (45 басылым) 1899 жылы жарық көрді. Негізінен, тапсырыстарды татар баспагері М. Г.Қадыров пен Шамсутдин Хусаиновтың мұрагерлері берді.

Қазақ тілінде көп кітап жарық көрді. 1917 жылға дейін жалпы таралымы шамамен 6 миллион дана болатын 624 кітап атауы шыққан.

Баспахана 1853 жылы оның жесірі А.А.Коковинаға өткен. Ол мекемені қазан көпесі С.Чирковқа жалға берді. Араб қаріптерінің едәуір қоры бар баспахана жыл сайын көптеген түркі тіліндегі кітаптарын шығарды. Бірақ баспахананың жабдықтары мен материалдары жаңартылған жоқ, басып шығару сапасы төмен болды.

1884 жылы А.А.Коковина қайтыс болғаннан кейін баспахана жалға алушының меншігіне өтті, кейінірек оның ұлы Чирков, 1880 жылдардың аяғынан бастап Чирковтың баспаханасы, 1894 жылдан бастап «Чирковтың мұрагерлерінің баспаханасы» деп аталды.

XIX ғасырдың екінші жартысында Чирковтар басқан татар кітаптарының саны бойынша Қазан университетінің баспаханаларынан кейінгі екінші орында болды. 1884-1900 жылдары жалпы таралымы 6 миллионнан асатын түркі тіліндегі басылымның 560 атауы жарық көрді: олардың ішінде Құран, Ғафтияқ, діни әдебиет, фольклорлық шығармалар («Харун Рашид», «Қыз Жібек», «Мәлік Хасан»), ескі әдіспен және жаңа әдіспен шығарылған мектептерге арналған алфавиттер, арифметика оқулықтары, татар әдебиетінің шығармалары, танымал шығармалар медицина, мал шаруашылығы, қырғыз тіліндегі кітаптар бар. Баспахананың тапсырыс берушілері Ш.Хусаинов, М.Г.Кәрімов,

Ишмуратов, Ыдырысов, Галеев (Баруди) болды. Орыс баспагерлерінің тапсырыстары да орындалды: Қазан теологиялық академиясы, миссионерлер, олар үшін христиан шығармалары татар, чуваш, мари және басқа тілдерде басылды.

1901-1906 жылдары жалпы таралымы 2 481 990 дана болатын басылымдардың 171 атауы, негізінен дидактикалық әдебиет, ортағасырлық шығыс жазбалары жарық көрді. 1901-1909 жылдары орыс тілінде ресми-ведомстволық, оқу, танымал басылымдардың 77 атауы басылды (XX ғасырдың басында Қазанда жарияланған орыс тіліндегі кітаптардың жалпы санының 1,5%).

1913 жылы меншік иесі өзгерді, баспахана «Еділ-Кам баспасы» деп аталды. 1915-1917 жылдары ол орыс кітаптарының 25 атауын шығарды. 1919 жылдың басында Ширманға тиесілі болды, сол жылдың наурыз айында губернаторлық комитеттің қарамағына берілді, 1921 жылы мемлекет меншігіне алынды.

«Сабах» баспасы

«Сабах» баспасы – Қазандағы кітап шығару және кітап сату фирмасы. 1906 жылы Қазан университетінің баспаханасының бұрынғы қызметкерлері ағайынды Ахмадуллиндер 1902 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан "Кітебхане ибтидай" кітап дүкенінің негізінде құрды.

1908 жылы жарғылық капиталы 16 мың рубль болатын «Абдулуәли Ахмадуллиннің "Сабах" серіктестігі» болып қайта құрылды, оған Ш.Ш.Ахмеров, Г.Гильфанов, С.С.Губайдуллин, А.Г.Давлетшин-Хусайнов, Х.А.Зябиров, М.З.Файзуллин, М.Ш.Халфин кірді.

Серіктестіктің Қазан мен Уфада кітап дүкендері болды. 1909 жылы және 1911 жылы Қазан губернаторы Г.М.Ахмадуллиннің баспахана ашутуралы өтінішін қабылдамады. 1912 жылы Қазан университетінің баспахана бастығы А.Т.Соловьевтің көмегімен серіктестік «Үміт» баспаханасын ашты (Сол жылы басып шығарылған татар кітаптарының саны бойынша ағайынды Каримовтардың баспаханасынан кейін екінші орынға шықты).

«Сабах» басылымдарының басым бөлігі – татар жазушыларының шығармалары, танымал және анықтамалық басылымдар, практикалық нұсқаулықтар, Башири, Думави, Ибрагимов, М.Маржани, Ш.Рахматуллин, Х.Файзи және басқа авторлар; қазақ фольклорының шығармалары, орыс әдебиеті мен фольклорының аудармалары; нұсқаулықтар, күнтізбелер, географиялық карталар және т. б.

«Жаңа мектеп кітапханәсе» кітап сериясы құрылды, оған білімнің барлық саласы бойынша шығармалар және оқырмандардың кең ауқымына арналған көркем әдебиеттің аударма туындылары («Сабах» басылымдары мен кітап сату ассортименті каталогтарда көрсетілген) кірді.

1911-1917 жылдары «Үміт» баспаханасынан жалпы таралымы 1 347 575 дана болатын 401 кітап (оның жартысына жуығы – «Сабах» серіктестігінің басылымы), 1918-1921 жылдары – жалпы таралымы 140 000 дана болатын 60 атаудағы кітаптар (олардың ішінде – татар тілі бойынша оқулықтар мен оқу құралдары) басылды). 1921 жылы серіктестік мемлекетке алынды.

«Магариф» баспасы

Қазандағы «Магариф» баспасы, басқалармен қатар «Балалар кітапханасы» сериясын шығарды. Татар тіліндегі әдеби және ғылыми-педагогикалық журналдар басқа қалаларда да жарық көрді. Бұл басылымдарда татар әдебиеті мектептерінде оқытуға қатысты озық идеялар да өткізілді.

1910 жылы «Шура» журналында Габдрахман Сагдидің «Біздің әдебиетті оқыту методесі» атты үлкен мақаласы жарық көрді, онда осы саладағы жағдайларға объективті

талдау жасалды. Ғалымжан Ибрагимовтың 1913 жылы қаңтарда «Мектеп» журналында жарияланған «Мектептегі әдебиет» мақаласында рухани бағдарларды іздейтін жастар үшін туған әдебиеттің орасан зор маңызы, сондай-ақ оқу бағдарламасына әдебиет теориясы бойынша мәліметтерді енгізу қажеттілігі туралы ой дамиды.

Қорытынды

Жалпы, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында жарияланған татар әдебиеті бойынша оқулықтарды зерттеу қызықты қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Біріншіден, жәрдемақылардың әртүрлілігін және көптеген авторларды атап өткен жөн, олардың арасында қоғам қайраткерлері, жазушылар ғана емес, сонымен қатар практика мұғалімдері де болды. Соңғылары оқу процесінің нақты қажеттіліктерін, оқушылардың дайындық дәрежесін жақсы білді және оқу құралдарын жасау кезінде осы факторларды ескеруге тырысты.

Екіншіден, мен осы саладағы баспа ісінің географтарының назарын аударамын: Қазан, оның бірқатар баспаханалары бар, Уфа, Орынбор, Астрахань, тіпті Санкт-Петербург бар. Басылымның орны авторлардан халықтың жергілікті жағдайларын, дәстүрлері мен қажеттіліктерін ескеруді талап еткен сияқты

Үшіншіден, сол жылы Қазан, Орынбор және Уфа қалаларында бірдей оқу кезеңдеріне арналған оқулықтар шықты. Әр түрлі қалаларда авторлардың оқулықтары шыққан. Бұл мұғалімге өз талғамына және оқушылардың даму деңгейіне және жергілікті ерекшеліктеріне сәйкес оқулықты таңдауға мүмкіндік берді, оқу процесінде кезектесіп жәрдемақы алуға болады және т. б.

Төртіншіден, көбінесе сол автордың мектептегі оқытудың барлық кезеңдеріне арналған оқулық жасағаны назар аударады, бұл материалды ұсынудың нақты дәйектілігін, терминологияның бірлігін қамтамасыз етті.

Бесіншіден, оқулықтардың жиі қайта шығарылуын атап өткен жөн.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында жарияланған түркі-мұсылман әдебиеті оқулықтарының мазмұны да, құрылымы да, мақсатты орнатылуы да мұны растамайды. Оқу құралдарының авторлары басқа нәрсеге ұмтылды, оқушылардың зайырлы білімге, тәрбиеге деген құштарлығын ояту. онда жастарды қоғамдық қызмет пен адамгершілік өзін-өзі тәрбиелеу жолына итермелейтін қасиеттер бар.

Осылайша, XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында түркі-мұсылман мектептері мен медреселерінде ұлттық әдебиетті оқытудың қалыптасу және біртіндеп жетілу кезеңі деп санау керек – бұл ұлттық сананың өсуімен тығыз байланысты процесс.

Авторлардың қосқан үлесі

Қуантайұлы Н. – ғылыми мақалада қолданылған деректерді талдау, мақаланың мазмұны мен құрылымын талапқа сай рәсімдеу.

Хибадуллина А.С. – зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдерді, зерттеу нәтижелерін тұжырымдап, жазу.

Жантасов Қ.Ж. – техникалық талаптарға сәйкес рәсімдеу.

Әдебиеттер тізімі

1. Каримуллин А. Г. Татарская книга. – Казань, 1999.
2. Татарстанның Орталық мемлекеттік архиві, 1-қор, 3-тізім, 12154-іс.
3. Қисса-и Өндірбай хаж-ул-хәрәмаен: Жазған Ә. Жүсіпұғлы // Баст. Ш. Хусаинов балалары. – Қазан: университет баспаханасы, 1900. – 20 б.; 6000 д.
4. Құрымбайұғлы О. Насихат-ул казакия : өлеңдер жинағы. – Қазан: Кәрімовтер баспаханасы, 1900. – 20 б.
5. Бақырған кітабы. – Қазан: Кәрімовтер баспаханасы, 1901. – 80 б.
6. Гәнжәнә-и хикмәт : хикаят Абу Али Сина / Шығарушы Шарафуддинұғлы Салахиддин. – Қазан: Кәрімовтер баспаханасы, 1901.
7. Дариға қыз : Жазған М. Юмачиков. – Қазан: П. Кәрімовтер баспаханасы, 1901. – 16 б.
8. Қисса-и Айман-Шолпан : Жазған Ж. Шайхұлыисламұғлы // Баст. Ш. Хусаинов балалары. – Қазан: университет баспаханасы, 1901. – 20 б.
9. Қисса-и Алпамыс : Жазған Ж. Шайхұлыисламұғлы // Баст. Ш. Хусаинов балалары. – Қазан: университет баспаханасы, 1901. – 46 б.
10. Қисса-и Біржан сал менен Сара қыздың айтысқаны: Жазған Ж. Шайхұлыисламұғлы // Баст. Ш. Хусаинов балалары. – Қазан: университет баспаханасы, 1901. – 19 б.
11. Қисса-и Гүлчәһра дәхтәр-и сұлтан Кашмирнің хикаясы: Жазған Ж. Шайхұлыисламұғлы. – Қазан: Кәрімовтер баспаханасы, 1901. – 30 б.

Н. Қуантаев¹, А.С. Хибадуллина^{*2}, Ж.Қ. Қайратов³

^{1,2,3}Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Роль типографий Казани по печати книг на казахском языке в начале XX века

Аннотация. В статье рассматривается появление казахских печатных книг, изданных в казанских типографиях в начале XX века, возможности и проблемы их использования. Основная цель статьи – анализ вклада Казани в развитие казахской духовности и книгопечатания в конце XIX и начале XX веков, издание первых книг на казахском языке, а также роль типографий в образовательном направлении того периода, определение путей развития книгопечатания, выявление содержания, тематических особенностей и исторического значения печатной продукции, а также определение её места в казахской национальной культуре и образовании. В качестве методологии исследования использованы методы анализа, обработки данных и экспертной оценки. Значение исследования заключается в анализе архивных документов, периодических изданий и научных работ, связанных с печатными книгами и типографиями на казахском языке, издававшимися в Казани в начале XX века. Как показывают результаты исследования, деятельность различных типографий, содержание печатной продукции и сфера её распространения были определены с помощью метода систематизации источников и сравнительного анализа. В статье подчеркивается влияние книгопечатания в Казани на формирование казахской духовности.

Ключевые слова: типография, печатные книги, книгоиздание, тираж, оборот, книжная торговля, книгопроизводство.

N. Kuantaev¹, A.Khibadullina^{*2}, Zh.K. Kairatov³

^{1,2,3}*Eurasian National University by L.N. Gumilyov, Astana, Kazakhstan*

Abstract. This article examines the emergence of Kazakh printed books published in Kazan printing houses in the early 20th century, as well as the potential and challenges of their use. The article's primary objective is to analyze Kazan's contribution to the development of Kazakh spirituality and book printing in the late 19th and early 20th centuries, including the publication of the first books in the Kazakh language, as well as the role of printing houses in the educational field of that period. It also identifies the development of book printing, the content, thematic features, and historical significance of printed materials, and defines their place in Kazakh national culture and education. The research methodology utilizes analysis, data processing, and expert evaluation. The study's significance lies in the analysis of archival documents, periodicals, and scholarly works related to printed books and printing houses in the Kazakh language published in Kazan in the early 20th century. The results of the study demonstrate that the activities of various printing houses, the content of printed materials, and their distribution were determined using a method of source systematization and comparative analysis. The article emphasizes the influence of book printing in Kazan on the formation of Kazakh spirituality.

Keywords: printing house, printed books, book publishing, circulation, circulation, book trade, book production.

References

1. Karimullin A.G. Tatarskaia kniga [The Tatar book]. (Kazan, 1999) [in Russian].
2. Centralnyi gosudarstvennyi arkhiv Respubliki Tatarstan [Central State Archive of the Republic of Tatarstan], f. 1, op. 3, d. 12154 [in Russian].
3. Qissa-i Ondirbai hajj-ul-haramaen: Zhazghan A. Zhusupugly [The story of Ondirbai's pilgrimage to the holy places]. Bast. Sh. Khusainov balalary [Printing house of Sh. Khusainov's children]. (Kazan: Universitetskoe izdatelstvo, 1900, 20 p., tirazh 6000) [in Russian].
4. Kurymbaiugly O. Nasikhat-ul kazakiia: zhyrlary zhinagy [Nasikhat-ul kazakiya: collection of poems]. (Kazan, 1900, 20 p.) [in Russian].
5. Bakyrghan kitaby [The book of Bakyrghan]. (Kazan, 1901, 80 p.) [in Russian].
6. Ganjana-i Hikmet. Abu Ali Sina: hikaya [Ganjana-i Hikmet. Abu Ali Sina: story]. Izdatel Sharafuddinuly Salahiddin. (Kazan, 1901) [in Russian].
7. Dariga kyz: zhazghan M. Yumachikov [The girl Dariga]. (Kazan, 1901, 16 p.) [in Russian].
8. Qissa-i Aiman-Sholpan: zhazghan Zh. Shaikhulislamugly [The story of Aiman-Sholpan]. Bast. Sh. Khusainov balalary. (Kazan, 1901, 20 p.) [in Russian].
9. Qissa-i Alpamys: zhazghan Zh. Shaikhulislamugly [The story of Alpamys]. Bast. Sh. Khusainov balalary. (Kazan, 1901, 46 p.) [in Russian].
10. Birzhan shopan zhane Sara kyz turaly qissa: zhazghan Zh. Shaikhulislamugly [The story of Birzhan the shepherd and the girl Sara]. Bast. Sh. Khusainov balalary. (Kazan, 1901, 19 p.) [in Russian].
11. Sultansha Kashmir kyz Gulchekhra turaly qissa: zhazghan Zh. Shaikhulislamugly [The story of Gulchekhra, the daughter of Sultan of Kashmir]. (Kazan, 1901, 30 p.) [in Russian].

Авторлар туралы мәлімет:

Қуантаев Н.Қ. – филология ғылымдарының кандидаты, журналистика және әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Хибадуллина А.С. – хат-хабар авторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Қайратов Ж.К. – әлеуметтік ғылымдар магистрі, телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының оқытушысы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Қуантаев Н.К. – кандидат филологических наук, декан факультета журналистики и социальных наук, Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан.

Хибадуллина А.С. – автор для корреспонденции, докторант Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан.

Кайратов Ж.К. – магистр социальных наук, Преподаватель кафедры Телерадио и связи с общественностью, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан.

Kuantayev N. – Candidate of Philological Sciences, Dean of the Faculty of Journalism and Social Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Khibadullina A. – Corresponding author, doctoral candidate, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Kairatov Zh.K. – Master of Social Sciences, Lecturer of the Department of TV, Radio and Public Relations, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.